

ӘСКЕРИ КАФЕДРА

Абай атындағы ҚҰПУ-да әскери кафедра барын хабарлаймыз! Әскери кафедра басшысы – запастағы полковник Мамбеталиев Қуандық Рахматтулаевич.

Запастағы офицерлер мен запастағы сержанттардың бағдарламалары бойынша азаматтарды әскери қызметке әскери даярлау Қазақстан Республикасының әскери оқыту резервін қалыптастыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің офицерлік және сержанттық құрамдарының бастапқы лауазымдарын қосымша жинақтау мақсатында алынатын жоғары кәсіптік білім негізінде әскери-есептік мамандықтар бойынша жүзеге асырылады.

Студенттердің әскери даярлығы запастағы офицерлерді даярлау бағдарламасы бойынша 6 әскери-есептік мамандығы бойынша жүргізіледі:

1. Құрлық әскерлерінде тәрбие және идеологиялық жұмысты ұйымдастыру;
2. Идеологиялық жұмысты ұйымдастыру;
3. Психологиялық жұмысты ұйымдастыру;
4. Құқықтық жұмысты ұйымдастыру;
5. Ақпараттық-талдау қызметі;
6. Жалпыәскери бөлімшелерді, бөлімдер мен құрамаларды жауынгерлік қолдану.

Студенттердің әскери даярлығы запастағы сержанттарды даярлау бағдарламасы бойынша 2 әскери-есептік мамандығы бойынша жүргізіледі:

1. Атқыштық (бөлімше командирі);
2. Бөлімше командирі – жауынгерлік машинасының командирі (жаяу әскерлердің жауынгерлік машинасы).

Запастағы офицерлер бағдарламасы бойынша әскери дайындық мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде жүзеге асырылады, ақылы негізде оқу құны мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқу құнынан аспайды.

Әскери кафедраға оқуға қабылданған студенттер әскерге шақыру бойынша әскери қызметке әлеуетті кандидаттар болып табылады.

Әскери кафедрада оқу үшін студенттерді іріктеуді конкурс негізінде жыл сайын іріктеу комиссиясы жүргізеді.

Әскери кафедраның құжаттарды қабылдауы іріктеу комиссиясының жұмысы басталғанға дейін 10 жұмыс күні бұрын аяқталады.

Конкурсқа қатысуға конкурс өткізілетін жылда 24 жастан аспаған студенттер жіберіледі.

Әскери кафедрада оқу үшін студенттерді іріктеу конкурсы төрт кезеңде жүзеге асырылады:

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы бұйрығымен бекітілген ҚР ҚК-де әскери-дәрігерлік сараптама жүргізу қағидаларына және әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы Ережеге сәйкес медициналық куәландырудан өту, № 716 (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21869);
2. Кәсіби-психологиялық тестілеуден өту;
3. Физикалық дайындығын тексеру;
4. ҚР ҚМ келісімі бойынша Университет басшысы жасайтын және бекітетін рейтингтік балдың есебіне сәйкес жүзеге асырылатын конкурстық іріктеу.

Конкурстың әр кезеңінен тек бір рет өтуге болады.

Запастағы офицерлерді даярлау бағдарламасы бойынша оқыту үшін құжаттар бірінші және екінші курс студенттерінен қабылданады.

Запастағы сержанттарды даярлау бағдарламасы бойынша оқыту үшін құжаттар бірінші, екінші және үшінші курстардың студенттерінен қабылданады.

Әскери кафедрада оқу үшін конкурсқа қатысуға ниет білдірген Студент келесі құжаттарды тапсырады:

1. Өтініш;
2. Жеке куәлік (түпнұсқасы және көшірмесі).
3. Тіркеу куәлігі немесе әскери билет (түпнұсқа және көшірме).
4. Өлшемі 3x4 см болатын 2 фотосурет.
5. Соттылығының болуы немесе болмауы туралы анықтама.
6. Спорттық жетістігін растайтын құжат (бар болған жағдайда).
7. Институт деканы қол қойған ЖОО-да студенттің нақты оқуы туралы анықтама.

Оқу сабақтарының ұзақтығы оқу жиынында (кәсіптік практикада) болған күндерден басқа күніне 6 академиялық сағатты құрайды. Өзіндік жұмыс ұзақтығы 2 академиялық сағатты құрайды.

Әскери даярлық бойынша оқу жылының басталуы мен аяқталуы Университеттің күнтізбелік оқу жоспары негізінде айқындалады.

Жаңа академиялық кезең басталғанға дейін оқу қарызын жоймаған Студент әскери дайындықтан шеттетіледі.

Әскери дайындық ЖОО-да оқу бітіргенге дейін бір жыл бұрын оқу жиынымен (кәсіптік практикамен) аяқталады.

Оқу жиынына (кәсіптік практикаға) оқу орны бойынша ағымдағы үлгерімі және оқу ақысы бойынша берешегі жоқ оң сипатталатын студенттер жіберіледі.

Оқу жиынынан (кәсіптік практикадан) өту кезеңінде тәртіпті жүйелі түрде бұзатын, оны өтуден жалтарған студенттер әскери кафедра басшысының ұсынуы бойынша Университет басшысының бұйрығымен әскери даярлықтан шеттетіледі.

Әскери даярлықтан шеттету ЖОО басшысының бұйрығымен мынадай негіздер бойынша жүзеге асырылады:

1. Үлгермеушілік бойынша.
2. Университет басшысы бекітетін ішкі тәртіпті бұзғаны үшін.
3. Ауру, отбасылық және қызметтік мән-жайлар бойынша рұқсаттамаларды қоспағанда, академиялық кезең ішінде 12 сағаттық оқу сабақтарын өткізгені үшін.
4. Өз еркімен.
5. Денсаулық жағдайы бойынша.
6. Жоғары оқу орнынан шығарылуына байланысты;
7. Оқу ақысын төлемегені үшін (ақылы негізде оқыған жағдайда).

Запастағы офицерлер мен запастағы сержанттардың бағдарламалары бойынша әскери даярлықтың толық курсы аяқтаған азаматтарға әскери қызмет өткеру қағидаларында айқындалған тәртіппен тиісінше "запастағы лейтенант" немесе "запастағы кіші сержант" әскери атағы беріледі.

Мекен-жай: Алматы қаласы, мәдениет пен демалыс орталық саябағы, «М. Әуезов» атындағы оқу комплексі, әкімшілік корпус.

Email: vk_kaznpu@mail.ru

Әскери кафедра	подполковник Оразбеков Бауыржан Жарқынбекұлы	тел. 382-27-35
Әскери кафедраның кезекшісі		тел. 382-28-36

--	--	--